

Суды бастапқы есепке алу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 4 маусымдағы № 109-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 5 маусымда № 36218 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 10.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 67-бабының 1-тармағына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және "Күкірттық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Суды бастапқы есепке алу қағидалары бекітілсін.
2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес кейбір бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитеті:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2025 жылғы 10 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы

Су ресурстары және
ирригация министрі

H. Нуржигитов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Экология және табиғи ресурстар
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Өнеркәсіп және құрылымдар министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика

министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Стратегиялық жоспарлау

және реформалар агенттігінің

Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы

Су ресурстары және

ирригация министрі

2025 жылғы 4 маусымдағы

№ 109-НҚ Бұйрыққа

1-қосымша

Суды бастапқы есепке алу қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Суды бастапқы есепке алу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Су кодексінің 67-бабы 1- тармағына сәйкес өзірленді және судың бастапқы есебінің тәртібін айқындаиды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) суды бастапқы есебі (бұдан әрі – СБЕ) – арнайы су пайдалануға рұқсаты бар су пайдаланушылар жүзеге асыратын жер үсті және жер асты суларын алу және (немесе) оларды тастау (су шаруашылығы теңгерімінің шығыс және кіріс бөлігінде) көлемдерін өлшеу, өндөу және тіркеу;

2) су тарту құрылышы – су объектілерінен су алуға арналған құрылыштар мен құрылғылар кешені;

3) өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімі – объектілердің, жұмысқа қатысушылардың және өлшем бірлігін қамтамасыз ету саласындағы құжаттардың тіркелуін есепке алу құжаты.

2-тaraу. Суды бастапқы есепке алу тәртібі

3. Бастапқы су пайдаланушылар СБЕ жүргізу үшін:

1) көмегімен су алу немесе ағызы жүзеге асырылатын суды өлшеу, жинау және ағызы орындарының нөмірін көрсете отырып, су шаруашылығы құрылыштары мен техникалық құрылғылардың, сондай-ақ осындай суларды қосалқы су пайдаланушыларға беруді есепке алу тораптарының орналасу схемасы жасалады;

2) СБЕ журналдарын жүргізеді.

4. Су шығыстарын өлшеу су тарту құрылыстарында және сарқынды суларды шығару орындарында:

1) жер үсті және жер асты суларын алуды жүзеге асыратын құрылыстар үшін кезеңділігі он құнтізбелік күнде бір реттен жиі емес;

2) тіреуіш құрылыстар, су тораптары, каналдар (магистральдық, шаруашылықаралық, шаруашылықшілік) үшін кезеңділігі күніне бір реттен жиі емес;

3) сарқынды суларды ағызуды жүзеге асыратын құрылыстар үшін кезеңділігі он құнтізбелік күнде бір реттен жиі емес жүргізіледі.

5. Ашық арынсыз каналдарда су шығыстарын өлшеу үшін стандартты суағызғылар және науалар, сондай-ақ бірыңғай өлшемдерді қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізіліміне енгізілген өлшеу құралдары мен құрылғылары қолданылады.

6. Стандартты су ағызғылар мен науалар орнатылған орындарда су шығыстары су шаруашылығы құрылыстарының түріне байланысты мына тәсілдермен:

1) деңгей өлшеуіш мөлшер қаданың және шығыстар кестесінің көрсеткіштері бойынша;

2) анықтап тексерілген су тартуды реттегіш және (немесе) ағызу құрылыстарының кестесі бойынша анықталады.

7. СБЕ нәтижелері:

1) жер үсті және жер асты суларын алуды жүзеге асыратын құрылыстар үшін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша су тұтынуды (су бұруды) су өлшеу аспаптарымен есепке алу журналында;

2) тіреуіш құрылыстар, су тораптары, каналдар (магистралды, шаруашылықаралық, шаруашылықшілік) үшін осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша су тұтынуды (су бұруды) су өлшеу құрылғылармен есепке алу журналында;

8. СБЕ жүргізуге арналған журнал тігілуі, нөмірленуі, сондай-ақ, бірінші басшының немесе оны алмастыруши адамның қолымен және мөрімен (бар болған жағдайда) расталуы тиіс. Журналда өлшеуді жүргізуі бастаған күн көрсетіледі.

9. СБЕ нәтижесінде алынған мәліметтер тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 күніне дейін осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қағаз немесе электронды (Excel форматында) тасымалдағыштарда бассейндік су шаруашылығы басқармаларына ұсынылады.

10. Өлшеу құралдарын және өлшеу аспаптары мен қондырғыларын тандауды өлшеу құралдарын орналастыратын үй-жайлардың болуы есебімен, судың ең төменгі және ең жоғарғы пайдалану шығыстарымен және олардың ауытқу кестелерімен, су шығысын өлшегіштер орнатылатын су құбырларындағы артық қысыммен немесе вакууммен, сорғы агрегаттарының түрлерімен (сорғы станциялары үшін), сарқынды сұйықтықтың құрамымен, судың ластану деңгейімен және температурасымен су пайдаланушы айқындейдьы.

Мемлекеттік метрологиялық бақылауды жүзеге асыру саласында қолданылатын өлшеу құралдары өндірістен немесе жөндеуден шығару, пайдалану және импорт бойынша әкелу кезінде түрі бекітілгеннен кейін немесе метрологиялық аттестаттаудан және өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесінің тізілімінде тіркелгеннен кейін "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес салыстырылып тексеріледі.

11. Су тарту (ағызу) құрылышының өлшеу құралы істен шыққан жағдайда су есебі соңғы көрсеткішті жазған сәттен бастап ақаусыз өлшеу құралы орнатылған күнге дейін соңғы күнтізбелік он күнге арналған орташа тәуліктік шығыстар бойынша жүргізіледі.

Суды бастапқы есепке

алу қағидаларына

1-қосымша

Нысан

Су тұтынуды (су бұруды) су өлшеу аспаптарымен есепке алу журналы

С у шығысын өлшеу күні	Су шығысын өлшегіштің (аспаптың) көрсеткіштері			С у шығысын өлшегіштің жұмыс анықтап тәулік	Аспапты түзетудің немесе анықтап тексерудің коэффициенті	Су алудың көлемі, текше метр/тәулік, (4 баған x 6 баған)	Есепке алуды жүзеге асыратын тұлғаның тегі, аты, экесінің аты (бар болса)	Қолы
	алдыңғы	өлшеу сәтіндеғі	көрсеткіш те р айырмасы (3 баған - 2 баған)					
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Есепті айдағы жиыны								
Ж ы л басынан бері өспелі жиыны								

Су пайдалануга жауапты адам тексерді:

20__ жылғы "___"

тегі, аты, экесінің аты (бар болса) лауазымы, қолы мөр орны

Суды бастапқы есепке

алу қағидаларына

2-қосымша

Нысан

Су тұтынуды (су бұруды) су өлшеу құрылғылармен есепке алу журналы

Q=f(H) қисығы бойынша су бекеті	Бекет арнасын анықтап	Бекеттің тәулікегі жұмысының	Су алудың көлемі, текше	Есепке алуды жүзеге асыратын
--	-----------------------------	------------------------------------	----------------------------	------------------------------------

Су шығысын өлшеу күні	диаграммасы н ы ң көрсеткіші (текше метр/ секунд)	тексеру коэффициенті	сагат саны, (сагат)	метр/тәулік,(2 баған х 3 баған х 3600 секунд)	адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Көлө
1	2	3	4	5	6	7
Есепті айдағы жыны						
Жыл басынан бері өспелі жыны						

Су пайдалануға жауапты адам тексерді:

_____ 20 ____ жылғы " ____ "

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) лауазымы, қолы мөр орны

Суды бастапқы
есепке алу қағидаларына
3-қосымша

Суды бастапқы есепке
алу қағидаларына әкімшілік
деректерді жинауга арналған
нысан

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитетінің Су ресурстарын қорғау және пайдалануды реттеу жөніндегі бассейндік су инспекцияларға ұсынылады.

Әкімшілік деректерді жинауга арналған нысан өтеусіз негізде www.gov.kz интернет – ресурста орналастырылған.

Әкімшілік нысанның атауы: "Суды бастапқы есебін жүргізу нәтижесінде алынған мәліметтер".

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауга арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі) : СБЕ-1.

Кезеңділігі: тоқсандық.

Есепті кезең: 20 ____ жылдың ____ тоқсаны.

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауга арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: Занды және жеке тұлғалар бастапқы су пайдаланушылар.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауга арналған нысанды ұсыну мерзімі: есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10 күніне дейін.

ЖСН/БСН

--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі - қағаз немесе электронды түрде.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан "Суды бастапқы есебін жүргізу нәтижесінде алынған мәліметтер"

Су объектісінің атауы (су шаруашылығының немесе жер бедерінің)	ӘАОЖ атауы	МТК коды	Су тартқыштың (су ағызғыштың) координаттары						Су алудың (су ағызудың) белгіленген көлемі, мың текше метр	Есепті тоқсандағы с у алудың (су ағызудың) нақты көлемі, мың текше метр		
			енділігіне			нөмірі ұзақтығына						
			градус	минут	секунд	градус	минут	секунд				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13

кестенің жалғасы

Есепті тоқсандагы су алудың (су ағызудың) нақты көлемі, мың текше метр			Косалқы с у пайдаланушыла			Косылқы су пайдаланушыларға берілді, мың текше метр			Судың жоғалуы, мың текше метр		
оның ішінде			тоқсаны			оның ішінде					
1 ай	2 ай	3 ай	тоқсаны	1 ай	2 ай	тоқсаны	1 ай	2 ай	нормати	нормати	
			на барлығы			на барлығы			втік	втік	
14	15	16	17	18	19	20	21	22	23		
Су пайдаланушының атауы _____						Мекенжайы _____					
(жеке немесе зандағы тұлғаның толық атауы)						(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үйдің №, телефон, факс)					

Су ресурстарын алуға құқық берілген құжаттың деректемелері

Суды есепке алу аспабының маркасы _____

Суды есепке алу аспаптарын соңғы тексеру күні _____

Телефондар _____
Электрондық пошта мекенжайы _____
Орындаушы _____ қолы _____ тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) Басшы немесе оның міндеттін атқарушы адам _____ қолы _____ тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөрдің орны (болған жағдайда) (жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын адамдарды қоспағанда)

Жасалған күні 20 ____ жылдың " ____ ".

Ескертпе: осы нысан көрсетілген нысандың қосымшаға "Судың бастапқы есебін жүргізу нәтижесінде алынған мәліметтер" өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру жөніндегі түсіндірмеге сәйкес толтырылады.

"Судың бастапқы есебін жүргізу
нәтижесінде алынған мәліметтер"
әкімшілік деректерді жинауға
арналған нысанға
3-қосымша

Өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсінкеме "Судың бастапқы есебін жүргізу нәтижесінде алынған мәліметтер" (СБЕ-1, тоқсандық)

1. 1-бағанда су объектісінің (су шаруашылығы құрылышының немесе жергілікті жер бедерінің) атауы көрсетіледі.
2. 2-бағанда әкімшілік-аумақтық объект жіктеуішінің атауы көрсетіледі.
3. 3-бағанда мекенжайдың тіркеу коды көрсетіледі.
4. 4-тен 9-ға дейінгі бағандарда бойлығы мен ендігі бар су алу координаттары көрсетіледі: оның ішінде градуспен, минутпен және секундпен.
5. 10-бағанда су алу нөмірі көрсетіледі.
6. 11-ден 12-ге дейінгі бағандарда мың текше метр қоршаудың белгіленген көлемі көрсетіледі, оның ішінде: арнауы су пайдалануға арналған рұқсатта, сондай-ақ ағымдағы жылдың белгіленген лимитіне сәйкес.
7. 13-бағанда есепті тоқсандығы қоршаудың нақты көлемі мың текше метр, тоқсандығы жалпы саны көрсетіледі.
8. 14-тен 16-ға дейінгі бағандарда сомалар есепті тоқсандығы қоршаудың нақты көлемі, мың текше метр, оның ішінде 1, 2 және 3 ай үшін.
9. 17-бағанда қайталама су пайдаланушыларға су беруді есепке алу торабының нөмірі көрсетіледі.
10. 18-ден 21-ге дейінгі бағандарда қайталама су пайдаланушыларға берілген сомалар мың текше метр, барлығы тоқсан үшін, оның ішінде 1, 2 және 3 ай үшін.
11. 22-ден 23-ке дейінгі бағанда мың текше метр шығын сомасы көрсетіледі, оның ішінде: нормативтік және нормативтен тыс.

Күші жойылған кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Судың бастапқы есебінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 19/1-274 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11131 болып тіркелген).
2. "Судың бастапқы есебінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 19/1-274 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 28 сәуірдегі № 192 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13879 болып тіркелген).
3. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 11 сәуірдегі № 161 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің өзгерістер енгізілетін бұйрықтарының тізбесінің 2-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15240 болып тіркелген).
4. "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 543 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесінің 1-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18103 болып тіркелген).
5. "Судың бастапқы есебінің қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 19/1-274 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің міндеттін атқарушысының 2025 жылғы 30 қантардағы № 21-НҚ бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35698 болып тіркелген).